

«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
 Бекенова Жұмагул Нұрдаулетовнаның «Дифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы
 диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының арасынан - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттың - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7.

		(бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсету)	Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	Сараптамадан өтуге ұсынылған диссертациялық жұмыстың жалпы мазмұны мен нәтижелері гуманитарлық ғылымға қосылған елеулі үлес екені анық. Заманауи кезеңде жалпы цифрландыру процесін философиялық талдау өте манызды және осыған орай оның теориялық және практикалық нәтижелері байқалды. Жұмыстың мақсұндағы ғылыми нәтижелердің маныздылығы ашылып көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың жұмысты өзі жазғаны байқалады және оның жазылу деңгейі біршама жоғары. Автор мәселені сыни талдау арқылы барынша ғылыми нақты деректерге сүйене отырып баяндайды және еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта өрнектелгені байқалды.
4.	Ішкі бірілік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	Диссертация тақырыбының гуманитарлық ғылымдар мен ұлттық болмысты технологиялық бағытта өркендетудегі өзектілігі мол және оның мазмұны күмен тұғызбайды. Цифрландыру құбылысының қазіргі

3) негізделмеген.	замандағы ерекшеліктері сыни талдаудан өткізілген, оның әртүрлі болмыстық қырлары объективті тарихи және заманауи үдерістермен барынша байланыстырыла қарастырылған.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды:</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми еңбектің мазмұны мен мәтіні негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындап береді. Тақырыпқа негіз болған арқаудың мағыналық түбірі мен оның мәтіндегі ғылыми баяндалуы қанағаттандыралық деңгейде. Сонымен қатар оның ғылыми-теориялық және практикалық жарынан маңызы зор. Автор тарапынан цифрландыру мәселесі техника философиясы тұрғысынан талданған еңбек.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді:</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу тақырыбы мен мазмұны диссертациялық жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттермен толық сәйкес келеді және әр қайсысы өз ретімен келтірілген екен. Жоспар жүйелі және тақырыпты барынша кең ашып бергені байқалды. Диссертацияның негізгі мақсатын айқындау үшін әлемдік және отандық ғылым және техника философиясындағы еңбектер көрсетілген. Диссертация мәтініндегі ғылыми зерттеу міндеттері орынды дәйектелген және мәселелер айшықталған екен.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:	Диссертацияның құрылымы екі бөлімге және соған сәйкес келетін бірнеше баптарға жіктеліп, олар негізінен бір-бірімен өзара логикалық тұрғыда

	<u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	байланысады. Жұмыста алдымен автор тақырыпқа қатысты категориялық және теориялық-әдіснамалық мәселелерді ғылым және техника философия тұрғысынан қарастырады. Содан соң жұмыста отандық философиядағы цифрландыру құбылысына қатысты әртүрлі сыни ұстанымдардың маңыздылықтары жіктелеменеді. Жұмыстың соңғы тарауында қазіргі тәуелсіз Қазақстанның дамуы жағдайындағы цифрлық технологияның көріністеріне сыни талдаулар жасалып, оны еңсерудің маңызды тетіктері ұсынылады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (капиталтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар:</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор тарапынан диссертациялық жұмыс ауқымында біршама жаңа ғылыми шешімдер жасауға әрекеттер жасалған. Сондықтан еңбектегі сыни талдаудың кейбір элементтерін жұмыстың мазмұнынан байқауға болады. Техника философиясы мамандары негізінен әлеуметтегі он мағынадағы қасиеттер мен қырларды айқындаумен айналысып келгені орынды айтылған. Автор Мартин Хайдеггер, Мишель Фуко, Йохан Хейзинга сияқты ойшылдарды капитстың мәдени-философиялық кеңістіктегі рухани мұрасын зерделей отырып осы проблеманың елімізде біршама уақыт зерттеу тәжірибесінен сыртта қалып келгендігін көрсетеді. Жалпы диссертациялық жұмыста автор өзінің ұсыныстарын сыни талдаудан өткізілген зерттеулердің нәтижелері ретінде көрсеткені байқалды.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа:</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидағтары негізінен алғанда, яғни толығымен жаңа деп бағаланады. Автор тарапынан қол жеткізілген ғылыми нәтижелер төмендегідей: бірінші қағида - цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі отандық философияда алғашқылардың бірі болып диссертациялық еңбек ретінде ғылыми-философиялық тұрғыдан арнайы зерттелген; екінші қағида – цифрлық қоғамның пайда болуының сыртқы және ішкі алғышарттары мәдени және тарихи зерделеу тұрғысында жан-жақты және жүйелі талданған; үшінші қағида – цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесіне қатысты негізгі этикалық категориялар дәйекті сарапталған; төртінші қағида – цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен тұлға болмысындағы өзгерістер зерттеліп, оның сан қырлы көріністеріне сипаттама берілген; бесінші қағида – цифрлық этика және тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі мәселесі арнайы қарастырылып, оның әлеуметтік-философиялық негіздері байыпталған; алтыншы қағида - Қазақстандағы цифрлық қоғамның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері айқындалып, салыстырмалы зерделеулерден өткізілген; жетінші қағида - Жаңа Қазақстандағы цифрлық қоғамда өмір сүруші тұлғаның жауапкершілігі ұлттық құндылықтар негізінде дамытудың өзектілігі аксиологиялық сипатта екендігі орнықты негізделген.
5.2	Диссертацияның	Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен	Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен

	қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қорытындылары біршама жақсы жанашылдығымен айқындалады. Дегенмен, жауапкершілік мәселесіне көптеген қазақстандық мамандардың назар аударып келгенін айта аламыз. Мысалы, тақырып бойынша профессорлар А.А.Хамидов (сілтемелер бар) пен З.Н.Сәрсенбаеваның еңбектеріне тереңірек қарауға, пікірталастар жасауға болады. Тағы бір диссертациялық жұмыстың назар аударатын практикалық нәтижесі - ол цифрландырудың әлеуметтік болмыстың, оның ішінде білім беру саласының барлық қабаттарына бойлап жатқанын айта келіп, өзіндік ғылыми-практикалық ұсыныстарын өрнектеуге талпынғанын айта аламыз. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады. Қазіргі «Әділетті Қазақстан» концептісінің бағытын ұстанған еліміздің кешенді дамуы үшін цифрландыру феноменінің теріс қырларын да аша түскеніміз орынды. Осындай ұтымды тәжірибені қазіргі замандағы адал азаматты қалыптастырумен байланыстыра дамыту жағдайында мүмкін екендігін ескеруіміз абзал. Диссертацияның жұмыстың зерттеу тақырыбы мен оның ғылыми нысаны гуманитарлық ғылымдар саласына толықтай жатады және сонымен қатар зерттеу пәнаралық сипатқа да ие болған. Ғылыми жұмыстың
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	

		1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға белгілі бір деңгейде жатады, дегенмен автордың кейбір гуманистік мағынадағы идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты ұстанымдары еңбектің жалпы мазмұнына «толығымен жаңа» деген бағалауға негіз болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі мазмұны тақырыпқа лайықты сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелген байқалды. Заманауи Қазақстанның дамуындағы үйлесімді дамуды қалыптастыратын құндылықтардың басты ерекшеліктері барынша сұрыпталған, оның еліміздің саяси, әлеуметтік өміріндегі орны мен рөлі айшықталған, цифрландыру философиялық мәселе ретінде маныздандырылған. Зерттеуші өзінің шығармашылық практикасында цифрлық технологияны және оның философиясын кеңінен зерттегені байқалды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді: 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	7.1 Жалпы диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидағтар топтамасы нақты дәлелденген және олар сыни ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор зерттеу жұмысында техника және ғылым философиясы саласымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдердің топтамасын панаралық байланыс деңгейінде қолдана білген.

	7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жана ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ	7.2 Диссертациялық еңбек кандидаттары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл бапқа «жоқ» деген баға беріледі. Әрбір нәтиже теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізілген. Сонымен қатар автор тарапынан теориядан практикаға шығудың жолы іздестірілгені анық байқалып тұр. Әрине, жұмыста кейбір ұсыныстарды практика жүзінде сараптаудан өткізіп, қолдану үшін екшелей түсу керек екені анық. 7.3 Жұмыстың басты кандидаттарының барлығының жаңалығы бар деп бағаланады. Жалпы кандидаттардың жалпы саны жеті екені байқалды. Бірінші кандидат – салыстырмалы жаңа, өйткені цифрландыру философиясымен әлемде көптеген ғалымдар айналысып келеді, екінші кандидат – жаңа, себебі, цифрлық қоғамның пайда болуы жөнінде елімізге қатысты біршама жаңаша көзқарастар келтіріледі; үшінші кандидат – салыстырмалы жаңа, өйткені жауапкершіліктің этикалық категория екендігін дәйектеген жұмыстар елімізде баршылық; төртінші кандидат – жаңа, автор өзінің әлеуметтік-философиялық талдау түрінде қарастырған қоғам мен тұлға қатынасы мәселесі сонылығымен танылады, бесінші кандидат – жаңа, өйткені автор әлеуметтік жауапкершілік мәселесін цифрландырумен жақсы байланыстырған, алтыншы кандидат – жаңа, жұмыста Қазақстандағы
--	---	---

		цифрландыру кезеңдері жақсы сипатталған; жетінші қағидат – жаңа, автордың цифрландыруға қатысты аксиологиялық талдауы нақты дәйектелген. Жоғарыдағы қомақты жетістіктерге орай осы бапқа тұтастай алғанда «Иә» деген баға беріледі. 7.4 Ғылыми қағидаттардың практика жүзінде қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді гуманитарлық пәндердің, оның ішінде философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет салаларында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан мәтін сипаты жалпы «кең» деп бағаланды. 7.5 Жұмыстың негізгі қағидаттары жарияланымдар деңгейінде жеткілікті көрсетілген, сынақтан өткен. Автор мақалалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың ғылыми мақаласы жарияланған. Бұл салада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар жасалған. Сондықтан еңбекке «Иә» деген баға беріледі.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ Автордың ғылыми әдістемені таңдауы орынды, автор тарапынан жақсы негіздемелер жасалынған. Сондықтан әдіснама сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес келеді деп тұжырымдалады. Өйткені автор ғылыми әдістеменің дәстүрлі жолдарымен бірге

акпараттың дәйектілігі		инновациялық тәсілдерді, пәнаралық ғылыми әдістерді қолданған екен.
8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия:</u> 2) жоқ	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дарылау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия:</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста айқындалған ғылыми әдістері мен деректері ғылым және техника философиясы және әлеуметтік философия тұрғыларынан зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор ғаламтор мен компьютерлік итерулерді зерттеу нәтижелерінде қолданған. Зерттеуші нәтижелерін жақсы дәйектеген. Сондықтан бұл сала бойынша «ия» деп бағаланады.
	Диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар өзара ішкі байланыста дәйектелген. Мәселен, автор қоғамдағы келенсіз үдерістер мен кейбір деструктивті қарым-қатынастарға қатысты ойларын сыни ойлау зерттеулері арқылы дәйектеген. Осыған орай, бұл бап бойынша бағалау «ия» деген жауапқа толық сәйкес келеді.	

	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Жұмыста ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда нақтылықтар байқалды. Әрине, автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алғанмен назардан тыс қалған жұмыстар байқалады. Мәселен, автор тарапынан аймақтық деңгейдегі цифрландыру бойынша процестерге көп сыни түсіндірмелер берілмеген екен. Дегенмен. диссертацияда келтірілген көптеген сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді тереңінен дәйектеуге көмектеседі деген пікірдемін. Соңғы уақытта жарық көрген қазақстандық философтардың цифрландыру мәселесіне арналған еңбектерге автор шолу жасап, өзінің болашақ ғылыми жұмыстарында кеңінен тоқталып кетеді деген ойдымын.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыстағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты ғылыми және әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор көптеген концептуалды ұғымдарды игерген және диссертацияда тиімді қолданады. Сонымен бірге жана ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтаған. Әрине, тәуелсіздік жылдары жарық көрген ғылым философиясына қалыптасуына қатысты кейбір іргелі еңбектерді кеңірек де тізімге қосуға болды. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген пікірдемін.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)
		Диссертация тақырыбының теориялық маңызы зор. Себебі, цифрландыру құбылысы тереңінен зерделенген сайын қоғамдағы перменді даму мен әлеуметтік әділеттілікті қоғамда бекіте аламыз. Сондықтан бұл пунктке «иә» деген жауап берілгенді. Диссертацияның жалпы мазмұнында алынған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, жоғары оқу орындарында, еліміздегі мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ақпараттардың дамуы заманында технологиялық прогресс жолын тандайтыны зерделенген. Еліміздің болашағы жасанды интеллектіні пайдалануда. Сондықтан «Иә» деген жауап берілді. Диссертация мәтіні өзекті тақырыпты ғылым және техника философиясы тұрғыдан талдауға бағытталғаны байқалды. Жалпы теориялық ойлармен қатар автордың практикалық салада қолдануға болатын ұсыныстары болғанын көреміз. Мәселен, цифрлық технологияның заманауи кезеңдегі практикалық тұрғыдан ғылым пен әлеуметте қолдану ұсыныстары келтірілген. Дегенмен, философия саласындағы кейбір тақырыптар бойынша практикалық ұсыныстарды кеңейте түскен орынды деген пікірдемін.

10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу стилі мен сапасы жоғары деңгейде. Жалпы автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада қарастырылып жүрген проблеманы сыни талдаудың тәсілдерін кеңінен қолданады.
-------------------------------	---	--

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

1) «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бекенова Жұмагул Нұрдаулетовна «Диффрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

ҚР ҒҖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
Институты Философия орталығының директоры,
философия ғылымдарының докторы,
профессор
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)
(Аты-жөні)


(қолы)

Нұрмұратов Серік Есентайұлы

